# ПЕДАГОГ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
1 (9) 2017

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТАНУ ЖОЛДАРЫ

САЙТ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Достық бірлікте



Шимашева Рахат Сейдахметовна
Руководитель управления образования города Алматы

XXI ВЕК



Диана Абдукадирова



Медина Рей



Айдос Зұлқарнаев



Фурхат Курбанов

Құрылтайшы:
АҚ «QAZSAQ MEDIA GROUP»

Qazsaq Media Group басшысы:
Диана Абдукадирова Нематжанқызы

Бас редактор:
Медина Рей

Шеф-редактор:
Фурхат Курбанов

Жауапты редактор:
Айдос Зұлқарнаев

Дизайнер:
Ильяс Қожаниязов

Фотограф:
Азамат Жұмаділов

Журналистер:
Үміт Сапарқызы
Нурлан Досымов
Қарлыға Орынтаева
Аяужан Тобыл
Наталья Рудова
Елдос Асқаров
Болат Елжанов

Штаттан тыс тілші:
Раушан Қонарбаева
Сандуғаш Шалқар
Айнұр Буркитбаева
Әмина Тұрманбетова
Нұрбол Нышанбай

Меншік иесі:
«MJ-MEDIA PRODUCTION» ЖШС

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16648-Ж куәлігі беріглген.

Журнал Qazsaq Media компьютерлік орталығында теріліп, Астана қаласы, Жангелдина көшесі, 20/1 “Color pages” ЖШС баспа-дизайнерлік орталығында басталды.

Жарияланған мақалалар, ашық сабақтар, сабақ үлгілері, тәрбие сағаттары, материалдар авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Qazsaq Media Group меншігінің басылымдарына жарияланған материалдар немесе сурет көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.

Редакцияның мекен-жайы:
010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 4
Тел: +7(775)4900197, +7(775)2139118
Эл.пошта: qazsaqmedia@inbox.ru, makala-2017@mail.ru
Таралымы: 5000-30000 дана
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, ТМД елдері
Бағасы: Келісімді

# МАЗМҰН


ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТАНУ ЖОЛДАРЫ 6

Экологиялық апаттар 8

Кейіпкерлерді сипаттаймын. Ю ю дыбысы мен әрпі 10

Жемістер мен көкөністер 13

Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулу 16

Туған жер - елімнің мәртебесі 20

М.Жұмабаевтың «Толқын» өлеңінде.... 23

САЙТ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ 26

Жүсіпбек Аймауытовтың "Ақбілек" романындағы кейіпкерлер 28

Менің педагогикалық ұстанымым! 29

Виды транспорта 32

ГЕОМЕТРИЧЕСКИЕ ФИГУРЫ 35

Халықаралық Спорт делегациясы 36

ПОЛЕЗНЫЕ ВИТАМИНЫ 37

Достық бірлікте 40

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ойынның маңызы 42

ЭКСПО - 2017 САПАРЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ 44



**Последняя должность:**

Начальник управления образования г. Алматы

**Дата рождения:** 1962

**Место рождения:**

Жамбылская область; Чуйский район

**Владение языками:**

Казахский, русский

**Образование, специальность (квалификация), лицензии:**

Казахский Государственный женский педагогический институт (1984)

**Трудовой стаж:**

Учитель средней школы, заведующая по учебной работе, директор (1984-2007);
Начальник управления образования г. Алматы (с 2007)

**Прочие должности:**

Член Общественного совета г. Алматы (с 29.03.2016)

**Государственные и международные награды, премии, почетные звания:**

Нагрудные знаки: «Ы. Алтынсарин», «Отличник образования РК»;
Медали: «ҚР Тәуелсіздігіне - 10 жыл»

# ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТАНУ ЖОЛДАРЫ



Абуова Гулраушан Кадировна
№22 жалпы орта мектебі
ОҚО, Түркістан қаласы.

**XXI ғасыр адамзат тарихында жаһанданудың дауылды дүлейімен күресуімен басталды. Барлық мемлекеттер ұлттық мүделерін көздің қарашығындай сақтап қалуға әрекет жасауда. Жаһанданудан қорғайтын бірден-бір күш ұлттың тілі, дәстүрі, салт-санасы, тарихы, рәміздері мен жері болмақ.**

Болашақ мемлекеттің қуаты бүгінгі өскелең ұрпақтың қайраттылығымен өлшенбек. Бүгінгі бүлдіршіндерге сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, ұлттық менталитетіне ұлтшылдықтың дәнін егу қажет. "... Бізге керегі шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, нағыз әдебиет пен өнерін жасайтын тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті",- деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тәрбиенің тал бесіктен екенін баса айтқан болатын.

Қазіргі таңда мемлекет білім мен ғылымға үлкен жағдай туғызып келеді. Президенттің тікелей бақылауында тұрған ұлттық тәрбие бүгінгі күннің өзегі болып тұр. Жас оқушылардың дарыны мен қарымын оңтайландырып, оларға жағдау туғызу ұстаздың міндеті. «Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны мүлде бөлек»,-деген Н.Назарбаев бұл күндері дарындыларға дара жол салып, оларға үлкен мүмкіндіктер жасап келеді.

«Дарынды тұлға – халқымыздың ең қымбат байлығы» деген сөздерді Елбасымыз текке айтпаса керек. Қазіргі оқыту жүйесінде жаңаша мазмұн – жас ұрпақтың әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруінің басты нысаны болып отыр. Тұлғаға бағытталған білім оның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын екшелеп, пән ерекшелігіне қарай қолдана білсек, ұтарымыз көп. Өйткені жеке тұлғаға бағытталған білімнің бүгінде нәтижесіз болмайтындығы тәжірибе жүзінде дәлелденген. Алдымызда отырған әрбір баланың жүрегіне жол тауып, өмірде өз орнын таба білетін, келешегі кемеңгер, ұстанымы нық балаларды дөп басып тану қажет. Оқушыларды алған білімін өмірде дұрыс қолдана алатын, еліміздің келешегіне өз үлесін қосатын шәкірт етіп тәрбиелеу, білім беру ұстаздар қауымының басты мақсаты деп түсінемін.

Бала жанына үңіле қарап, оның дамуына, болашағының жарқын болуына атсалысу ұстаздардың басты міндеті. Оқушының өзгерістерді дұрыс қабылдап, бейімделуіне күш салуымыз керек. Ол үшін сол өзгерістерге мұғалімдер де дайын болуы қажет.

Дарынды балалармен жұмыс білім мекемелері мен мемлекет қолдауын қажет ететін үздіксіз үдеріс. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуын және адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі.

Дарын дегеніміз адам бойында негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын қасиет екенін өмір тәжірибелері дәлелдеп отыр. Дарындылық-белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі. "Дарындылық" ұғымы "сый" ("дар") деген сөзден шыққан. Дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық "табиғаттан берілетін ерекше қабілет" деп түсіндіріледі. Ертедегі Қытайда дарынды балаларды "Шэнь тон", яғни «киелі бала» деп атаған. Батыс хан патшалығында жалпы дарындыларды іріктеп тәрбиелейтін әдістемелік "Тоңцзыкэ" деп аталатын арнайы ереже болған. Және ол арнайы бөлімнің қызметін атқарған. Әлем және қазақ тарихынан біз, Моцарт, Рафаэль, Пушкин, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов сынды дарынды адамдар өткенін білеміз. Қазіргі кезеңде де талай талант иелерінің қасиеттері туралы газеттерде жарыққа шығып жатыр. Бүгінде дамыған елдердің қатарынан көрінуіміз үшін дарынды балардың қабілетін ашып, олардың білігі мен қасиеттерін Отан үшін пайдаға асыру қажет. Бұл ретте педагогика саласының атқаратын қызметі ерекше. Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық

жұмысқа арнайды. Сурет салады, өлең жазады. Мысалы, Ч.Дарвин көп уақытын көбелек қуып, коллекция жинауға бөледі екен. Дарын өкілдеренің қуат-қабілетінің шарықтайтын шегі болады. Мұндайда олардың санасы барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады. Бақылампаздығы онан сайын арта түседі.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы: сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет. Дарынды балаларды қалай тануға болады? И.С.Лейтес қабілетті балалардың үш категориясын көрсетті. Олар:

1. Ақыл – ой деңгейінің жоғарлығы ерте кезден байқалатын балалар;

2. Пәндерге және әр түрлі іс-әрекетке қабілетті балалар;

3. Қабілеттері айқындалмаған потенциалды балалар.

Дарынды баланың дарынды ересектен ерекшелігі – ол әлі толық қалыптаспаған тұлға, оның болашағы анықталмаған. Оның қабілеттерін дамыту қажет. Платон, А.Кастлер, Ф.Гамильтон сияқты ғалымдар дарындылық туа біткен қасиет деген. Декорт, Гообс, Локк сияқты ғалымдар дарындылық адам баласының даму барысында тәрбиеге байланысты дейді. Сонымен, психологиялық педагогикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша дарынды баланың бейнесі анықталды.

1. Интеллектуалды және ақыл-ой белсенділігі бар бала сөйлеу белсенділігінің жоғарлығымен, ойының ұшқырлығымен, байқағыштығымен, мәселені шешуде жан – жақты жолды қарастырумен, тәуелсіздігімен, құрдастарының арасында көсем болуымен, есте сақтауының беріктігімен т.с.с қасиеттерімен ерекшеленеді.

2. Бейнелеу өнері бар бала - сурет салуға көп уақыт бөлуінен, көргенін есте сақтауымен, сурет сабағын жақсы көретіндігімен ерекшеленеді.

3. Әнге қабілеті бар балалар - ән сабақтарына аса қызығушылықпен қарайды. Ритмикалық бөліктерді оңай қайталайды, таныс әуендерді бірінші дыбыстан таниды.

4. Қозғалыстың белсенділігі бар бала жаттығуларды орындауда тепе-теңдік сақтайтын, қозғалысты жақсы көретін, өзінің жасына дене күші күшті болып келеді.

Дарындылықты анықтауда сан түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Бала бойындағы дарындылықты анықтау үшін психологиялық диагностикалар, (әдістемелер тесттер, сауалнамалар, эксперимент зерттеуі) т.б. қажет. Дарындылық диагностикасы балалардың қабілеттілігін бағалауға негіз бола отырып, оларды саралауға мүмкіндік беретін қызметті атқарады. Сондықтан балалар дарындылығының диагностикасында әдістерді таңдау мен қолдануда педагогикалық жағынан аса мұқият болған жөн.



# Экологиялық апаттар



**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы:** Экологиялық апаттар

**Білім саласы:** Қатынас, Әлеуметтік орта, Денсаулық.

**Білім бөлімі:** тіл дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене тәрбиесі.

**Мақсаты:** Балаларды табиғи апаттардың қауіп-қатерін жете түсінуді, жеке және қоғамдық қауіпсіздікке жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. Төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық мәдениетін дамыту. Сабырлы болуға тәрбиелеу. Жер сілкінісі болған жағдайда қалай қорғану қажет екенін, су тасқыны кезінде ережелермен, қауіпсіздік теорияларын сақтауды үйрету.
**Билингвалдық компонент:** Жер сілкінісі – землетрясение, су тасқыны – наводнение.

**Барысы:**
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті сайыс түрінде өтетіндігін балаларға айту. Балаларды екі топқа бөлу. Әр топқа тапсырмалар беру арқылы жеңімпаз топты анықтау. Әр тапсырмаға "бір" ұпай беріледі.
I топ "Күн" тобы. Күн тобына әр дұрыс жауабына күн беріп отыру.
II топ "Жұлдыз" тобы. Жұлдыз тобына әр дұрыс жауабы үшін жұлдыз беріп отыру.

**Сәлемдесу:**
Қайырлы таң, көк аспан!
Қайырлы таң, жер ана!
Қайырлы таң апайым,
Қайырлы таң достарым!

**Тәрбиеші су тасқыны туралы түсініктеме береді:**

**СУ ТАСҚЫНЫ** - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға, ал судың көп жиналуы (4 м/с астам) және су үлкен биіктікке көтерілсе (2 м көп) адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Қираудың негізгі себептері ғимараттар мен құрылымдарға су массасының, жоғары жылдамдықта жүзіп жүрген мұздардың, әртүрлі сынықтар мен жүзіп жүрген заттардың, т.б гидравликалық соққысы болуы мүмкін. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

**Су тасқынына қалай дайындалу керек**

Егер де Сіздің аумағыңыз су тасқынынан жиі зардап шексе, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған дөңестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз.

Отбасы мүшелерін ұйымдасқан және жекелей көшіру кезінде әрекет ету, сонымен қатар кенеттен және буырқанып келе жатқан су тасқыны кезіндегі ережелерімен таныстырыңыз. Қайықтар, салдарды және оларды жасау үшін құрылыс матеиалдарын сақтау орындарын еске сақтаңыз. Көшіру кезінде алып шығатын құжаттар, мүлік және дәрі-дәрмектердің тізімін алдын-ала жасап қойыңыз. Арнайы чемодан немесе рюкзакқа құндылықтарды, қажетті жылы затарды, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмекті салыңыз.

**Су тасқыны кезінде қалай әрекет ету керек**

Су тасқыны қаупі және көшіру туралы дабылды алғаннан кейін күттірместен, белгіленген тәртіп бойынша өзімен бірге қажетті заттар мен бұзылмайтын азық-түліктің екі күндік қорын алып апаттық су басуы ықтимал қауіпті аумақтан белгіленген қауіпсіз аумаққа немесе дөңестеу жерлерге барыңыз (шығыңыз). Көшіру пунктіне жеткеннен кейін тіркеліңіз.

Үйден кетер алдында электр қуаты мен газды сөндіріңіз, отын жағу пештеріндегі отты өшіріңіз, ғимараттың сыртындағы барлық қалқитын заттарды бекітіп қойыңыз немесе қосымша жайларға орналастырыңыз. Егер де уақытыңыз болса үйдегі құнды заттарды шатырға немесе жоғарғы қабаттарға орналастырыңыз. Есіктер мен терезелерді жауып, қажет болса және уақыт жеткілікті болса бірінші қабаттың терезелері мен есіктерін сыртынан тақтайлармен жабыңыз. Оған қоса, үнемі апат туралы дабылды беріңіз: күндіз – жақсы көрінетін шүберекті ағашқа байлап іліп немесе бұлғау, ал түнде жарықтық дабылмен және дауыс беру қажет.



**Су тасқынынан кейін қалай әрекет ету керек**

Ғимаратқа кірер алдында қандай-да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеріңіз. Жайды желдетіңіз (жиналып қалған газдан тазарту үшін). Жайларды толық желдетпейінше және газбен қамту жүйесінің жарамдығын тексермейінше электрді қоспаңыз, ашық отты пайдаланбаңыз және сіріңкені жақпаңыз. Электр өткізгіштердің, газбен қамту, су және канализация құбырларының жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Олардың мамандардың көмегімен тексеріп жарамдылығына көз жеткізгенбейінше қолданбаңыз. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашыңыз, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығарыңыз. Сумен тікелей жанасқан тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз. Құдықтарды тазартуды ұйымдастырып ондағы лас суды шығарыңыз.

Жер сілкіну дегеніміз - жер қыртысы мен жоғарғы мантиядағы кенет ығысу және ыдыраулардың әсерінен туатын жер асты дүмпулері мен жер бетінің тербеле қозғалуы!

Жер сілкіну ұзаққа созылмайды,әдетте бірнеше секунтдардың ішінде ғана өтеді!Бірақ жер асты дүмпулері бірінің артынан бірі қайталанып,бірнеше жылдарға жалғасуы мүмкін!Мысалы,Алматыда 1887 жылы басталған жер сілкіну 3 жылға созылған!

Жер сілкінісі жиі қайталанатын аудандарда зілзалаға төзімді үйлер тұрғызылады!Мұндай үйлердің қабырғасы арасына темір салынған бетон құймалармен бекітіледі,іргетасының беріктігіне айрықша көңіл бөлінеді!

Жер сілкіну уақытын болжауда жануарлардың да себі тиетындігі байқалған!Кейбір жануарлар жер сілкінуге бірнеше сағат абыржи бастайты екен!Мәселен,жылқы жем жемей,кісінеп,жан-жағына қарап үркеді!Құстар у-шу болып,аспанды шыр айнала ұшады!Аквариумдағы ұсақ балықтар ерсілі-қарсылы тынымсыз жүзеді!

**I тапсырма.** «Жер сілкінісі туралы не білесің?»
Әр топқа үш сұрақтан беріледі.
1. Жер сілкінісі кезінде қандай заттар құлауы мүмкін?
2. Қауіпсіз орындар мен сенімді жерлерді ата.
3. Жер сілкінісі кезінде көшеде болсаң не істейсің?
4. Жер сілкінісі кезінде қандай жерге баруға болмайды?
**II тапсырма.** «Сел мен көшкін, су тасқынытуралы не білесің?»
1. Сел мен көшкіндеген не?
2. Сел мен көшкінкезіндеқалайам анқалуғаболады?
3. Су тасқыныдеген не?
4. Су тасқыныкезіндеқалайаманқ алуғаболады?

**Сергіту сәті:**
Тербеледі ағаштар,
Далада жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үп-үлкен боп өседі.

**III тапсырма. "Кім жылдам?" Жұмбақ шешу.**
Өз еркіне жіберсең,
Дүниені бүлдірер.
(от)
Жалт-жұлт етеді,
Жалмай-жалмай жұтады.
(от)
Жол үстінде төсек.
(көпір)
Ұзын-ұзын ұз келер,
Ұзын бойлы қыз келер.
(жол)
Бір құсым бар жаны жоқ,
Қанатының саны жоқ.
Кісіге өзі тым жақын,
Сөйлесуге дамыл жоқ.
(телефон)
Бір нәрсе әуенмен сөйлеп қатты,
Әуеде оның өзі керек тапты.
Сөйлесе маңызды сөз әңгімесі,
Қаратады аузына жамағатты.
(радио)
Шыр-шыр етеді, құлағыңа жетеді,
Ұстай алсаң, сөйлеп кетеді.
(телефон)
Қуыста қызыл әтеш билейді.
(от)

**Табиғат ерекшеліктері туралы жұмбақтар:**

Аяқсыз жетіп барады,
Қолсыз есік қағады. (Жел)

Арыстанарқырады,
Орманжарқырады. (Найзағай)

Қуыпедім-мойнынбұрмады,
Ұстайындепедім-қолғатұрмады. (Боран)

Қанатыжоқ – ұшады,
Аяғыжоқ – қашады. (Жел)

Әуеденкүбітүсті,
Күбініңтүбітүсті. (Күнкүркүреуі)

**Қорытындылау**
Сайыстыңсоңындаекітоптың жинағанұпайларынесептеп, жеңімпазтоптыанықтау. Сайысқ ажақсықатысқанбалалардымада қтау.

**Күтілетін нәтиже:**

Білуі тиіс: Жер сілкінісі кезінде қалай қорғануды.

Игереді: Су тасқыны кезіндеқалай қорғануды біледі.

Меңгереді: Әр уақытта барлық жағдайға дайын болуды.

Сандуғаш Шалқар
Шымкент қ.
№12 «Арман»
бөбекжай балабақшасы

# Кейіпкерлерді сипаттаймын. Ю ю дыбысы мен әрпі



Оңтүстік Қазақстан облысы
Түркістан қаласы
Майшай Әбенова атындағы
жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі
Сейітханова Күнімай
Өмірбекқызы

**Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:**
1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу

**Табыс критерийлері**

**Барлық оқушылар орындай алады**
Ю дыбысы мен әрпімен танысады. Ю әрпін каллиграфиялық талаптарға сай дұрыс жазады, ю әрпі бар сөздерді дұрыс оқиды және қатесіз жазады.

**Оқушылардың көпшілігі орындай алады**
Мәтінді түсініп оқиды. Сұрақтар бойынша аюды сипаттайды.Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазады.

**Кейбір оқушылар орындай алады**
Сюжеттік сурет бойынша ненің қайда мекендейтінін анықтайды. Алған білімдерін өмірде қолдана алады.

**Тілдік мақсат**
Оқушылар орындай алады:
аю,ою, қою, түлкі, қасқыр, кит

Негізгі терминдер мен сөз тіркестерін: ұлттық кейіпкерлер, кейіпкерлерді сипаттау, жеңімпаз аю

Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: аю – медведь – bear ,ою – орнамент –decorative pattern, қою – густой - thick , түлкі – лиса – fox , қасқыр – волк – wolf , кит – кит –whale

Сыныптағы диалог/жазылым үшін сәйкес келетін тіл стилі:айтылым және тыңдалым, оқылым және жазылым

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мәтінде не жайлы айтылады?
Аю қандай аң? Түсі қандай?
Не қайда мекендейді?
Не себепті .... деп ойлайсыз?
Ю дыбысы қандай дыбыс деп ойлайсыз ?

Ишара: дәптерге дұрыс жазу ережесін сақтау

**Алдыңғы оқу:** 1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру

1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, ё, ю, я қосарлыдыбыстары) және дұрыс оқу

| Жоспарланған уақыт есебі | | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br><br>7 минут | Өсеміз біз күліп – ойнап,<br>Бір саусақтың саласындай.<br>Өсеміз біз күліп – ойнап,<br>Бір адамның баласындай.<br><br>Оқушыларға суреттерді алуды ұсынамын, сол арқылы 3 топқа бөлемін. Ол топтар «Аюлар», «Түлкілер», «Қасқырлар» деп бөлінеді. Топ басшысын анықтау үшін 3 топқа 3 сұрақ қоямын, кім бірінші жауап берсе, сол оқушы топ басшысы болады.<br>Сұрақтар:<br>Аюдың баласы не деп аталады? Қонжық.<br>Түлкінің қандай жануар? Жабайы, жыртқыш.<br>Қасқырдың баласы не деп аталады? Бөлтірік.<br>Білім алушыларға оқу мақсатын хабарлаймын.<br><br>Ю дыбысын дұрыс айту және ю әрпін дұрыс жазу. Кейіпкерлерді сипаттау. Сөйлемдерді керекті сөздерді қойып, талапқа сай жазу. | Суреттер<br><br>Бағдаршам түстері<br><br>Бағалауға арналған фишкалар |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>10 минут | Қалыптастырушы бағалауды түсіндіріп өтемін.<br>Әр дағды бойынша орындалған тапсырмаларды оқушылар бағдаршам арқылы бағалайды.<br>Мен оқушыларға фишкалар беріп отырамын.<br>қызыл көзі – қанағаттанарлық<br>сары көзі – жақсы<br>жасыл көзі – өте жақсы<br><br>Бірінші кезекте «оқылым» дағдысы орындалады. Білім алушылар «Сауат ашу» оқулығының 104- бетіндегі ю дыбысы кездесетін сөздерді оқиды.<br><br>Әр топтан 2 оқушыға сөздерді оқытып, оқушыларға бағдаршам арқылы бағалатамын.<br><br>Оқылымға арналған жетістік критерийлері:<br>Оқылым Білім алушы<br>Дескриптор Ю әрпін таниды және ажыратады<br>Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп сөзді анық, түсінікті оқиды.<br>Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп сөзді анық, түсінікті оқиды.<br>№1 Оқылым<br>аю қою құю есею азаю<br>ою кию түю үлкею көбею | Оқулық<br><br>Суреттер |
| Қызықты тапсырма<br><br>10 минут | Екінші кезекте «тыңдалым және айтылым» дағдыларына байланысты мәтінмен жұмыс орындалады.<br><br>Мәтінді оқушыларға мәнерлеп оқып беремін. Оқушылар мәтін кейіпкерін сұраққа жауап бере отырып сипаттайды.Топтық жұмыс жасалады.Топтарға А3 парағы үлестіріледі. Онда аюдың суреті мен сұрақтар бар. 3 топ сол сұрақтарға жауап береді.<br><br>№2 Тыңдалым мен айтылым<br>Жеңімпаз аю<br>Аю, түлкі, қасқыр – үшеуі жарысты.<br>Қорбаңдаған аю араның ұясын бұзып кетті. Аралар аюды шаға бастады. Араларға таланған аю тез жүгірді.<br><br>Сөйтіп аю түлкі мен қасқырдан озып кетті.<br>Сұрақтар бойынша аюды сипатта.<br>1.Аю қандай аң?<br>2.Түсі қандай?<br>3.Оның аяғы қандай болады?<br>4.Ол қайда тіршілік етеді?<br>Тыңдалым мен айтылымға арналған жетістік критерийлері:<br>Тыңдалым және айтылым<br><br>Дескриптор: Білім алушы<br>Аюдың жабайы,үлкен аң екенін біледі.<br>Түсінің қоңыр,қара немесе ақ болуы мүмкін екенін біледі.<br>Аюдың аяғы «маймақ» деп айтылатынын біледі.<br>Аюдың орманда, тауда, солтүстік полюсте тіршілік ететінін біледі. | Оқулық<br><br>А3 парағы<br><br>Маркер |

<table>
<tr>
<td>Сергіту сәті<br><br>5 минут</td>
<td>Сергіту сәтінде «Қар лақтыру» ойынын ойнатамын.<br><br>Ойынның барысы: оқушылар алдарындағы ақ параққа п, б, х, һ, я, ф, ю дыбыстары бар кез – келген 1 сөзді жазады. Содан кейін парақты мыжып, қарама – қарсы отырған балаларды қармен ұрғандай ұрады.Оқушылар өздерін ұрған ақ парақтағы сөздерді оқып беруі керек.</td>
<td>ақ парақ<br><br>қарындаш</td>
</tr>
<tr>
<td>Аяқталуы<br><br>минут</td>
<td>Сабақ соңында оқушылар жазылымға арналған тапсырма орындайды.<br><br>Әр топқа 1 сөйлемнен беріледі. Оқушылар ақылдаса отырып көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, сөйлемдерді дәптерге жазады.<br><br>№2 Жазылым<br>Көп нүктенің орнына төмендегі керекті сөздерді қойып жаз.<br>Әлия . . . (не?) ойды. Фарида . . . (қандай?) айран ұйытты. Сүтті ыдысқа . . . (не істеу?) керек.<br><br>Керекті сөздер: құю, ою, қою.<br><br>Жазылымға арналған жетістік критерийлері:<br><br>Егер төмендегі жетістік критерийлерін орындаса, оқушы оқу мақсатына жетеді.
<table>
<tr><td>Жазылым<br><br>Дескриптор</td><td>Білім алушы<br><br>Көп нүктенің орнына керекті сөзді дұрыс қояды.<br><br>Сөйлемді қатесіз , көркем жазады.</td></tr>
</table>
<br>№4 Тыңдалым мен айтылым<br><br>Не қайда мекендейді?<br><br>Аю апанда мекендейді.Кит мұхитта мекендейді.</td>
<td>Оқулық<br><br>№3 Жазу дәптері</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>3 минут</td>
<td>Рефлексия<br><br>Оқушылар «Бағдаршам» әдісі бойынша сабаққа кері байланыс жасайды.<br><br>Кері байланыс:<br><br>Мен бүгін сабақта ештеңе түсінбедім.<br><br>(қызыл түс)<br><br>Менің сабақта әлі де түсінбеген тұстарым бар.<br><br>(сары түс)<br><br>Бүгін мен үшін сабақта барлығы түсінікті болды.<br><br>(жасыл түс)</td>
<td>Рефлексия парағы</td>
</tr>
</table>

# Жемістер мен көкөністер

**Сабақтың мақсаттары**
**Табыс критерийлері**

Барлық оқушылар орындай алады:
Мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған аудиовизуалды материалдар бойынша таныс заттардың атауын жазады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:
Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді.

Кейбір оқушылар орындай алады:
Тыңдаған материал туралы өзінің қарапайым пікірін білдіреді.

**Жоспар**

| Жоспар-ланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар, колданылатын стратегиялар |
|---|---|---|
| Баста -луы: | Ұйымдастырушылық кезеңі<br>Оқушылармен амандасу үш тілде, ынта-зейінін сабаққа аудару.<br>Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! Good morning!<br><br>Ширату:<br>Сәлем саған, алтын күн!<br>Сәлем саған, көк аспан!<br>Сәлем саған, достарым!<br>Сендерді көріп қуандым!<br>Здравствуй, солнце золотое!<br>Здравствуй, небо голубое!<br>Здравствуй, матушка земля!<br>Здравствуй, друг мой дорогой!<br>Good day, mother land!<br>Good day, blue sky!<br>Good day, you<br>Good day, me!...<br>Шаттық шеңбері:<br>Шаттық шеңбері:<br>Қайырлы күн достым,<br>Қайырлы күн болсын.<br>Бейсенбінің сәті ,<br>Сәттілікке толсын!<br>Біздің алар бағамыз,<br>Кілең бестік болсын.<br>Үй тапсырмасын сұрау:<br>Өтілген сабақтарды пысықтау мақсатында сұрақ- жауап өткізу.<br>Оқушылардың сызып келген суреттерін тексеріп, бағалау.<br><br>Адамның ағзасына ең керекті дәрумендерді қандай заттардан алады? | Шаттық шеңбері<br><br>Сәлемдесу<br><br>Суреттер<br><br>Ширату 3 тілде<br><br>Балмұздақ» әдісі<br><br>суреттер<br><br>«Ой қозғау» әдісі |
| Ортасы | Жаңа сабақ:<br>Топқа біріктіру.<br>Жемістер мен көкөністердің суреттерін тарату арқылы екі топқа біріктіремін.<br>1- топ: Жемістер<br>2-топ: Көкөністер<br><br>Оқушыларға жемістер мен көкөністер туралы түсінік беру.<br><br>Сөздікпен жұмыс<br>Бақ – сад - garden<br>Бақша – огород – fruit orchard<br>Алма – яблоко - apple | стратегиясы<br><br>слайд<br><br>үлдіргіштер |

| | | |
|---|---|---|
| | Шие – вишня -cheerri<br>Қызанақ –помидор - tomato<br>Қияр –огурец- cucumber<br>Оқушылардың сөздік қорын бақылау үшін әр оқушыға бір- бір сөйлем құрату<br>Жемістер мен көкөністер жайлы бейнероликті тамашалаймыз.<br>Түсіндіру.<br>1.Бақшада не өседі?<br>2. Бақта не өседі?<br>3. Көкөністер мен жемістерде нелер көп болады?<br>4. Олар адам денсаулығына пайдалы ма?<br><br>Оқушылардың өз ойларын айтуға үйрете отырып, тақырып бойынша қаншалықты хабардар екенін білу. Қосымша ақпараттар беру.<br><br>Оқулықпен жұмыс<br><br>1-тапсырма. Мәтінді құрастыр. Үлгі бойынша сөйлес.<br><br>Дескрипторлар:<br>- мәтінді құрастыра алады ;<br>- оқи алады;<br>- үлгі бойынша сөйлеседі;<br>- сөйлем құрастыра алады.<br>Бағалау: оқу үшін бағалау<br><br>2-тапсырма.Толықтырып айт. Жаз.<br>Дескрипторлар:<br>- сөздерді оқи алады;<br>- сөздерді байланыстыра алады<br>- сөздерді жазады;<br>Бағалау: оқу үшін бағалау<br><br>Сергіту сәті «Алма отбасы»<br><br>3 –тапсырма.Берілген суреттегі қателерді тап.<br>Дескрипторлар:<br>- суреттегі қателерді таба алады ;<br>- жемістер мен көкөністерді ажырата алады ;<br>- өз орнына орналастырады.<br>Бағалау: оқу үшін бағалау<br><br>4 –тапсырма.Сұрақтарға жауап бер. Өз ойыңды айт.<br>Сен не жейсің?<br>Сен не жемейсің?<br>Дескрипторлар:<br>- тыңдай алады;<br>- сұрақтарға жауап бере алады;<br>- сөйлем құрастыра алады;<br>- өз еркін айта алады.<br>Бағалау: оқу үшін бағалау | |

| | | |
|---|---|---|
| Соңы | Сабақты пысықтау:<br>Сөзжұмбақты шешу арқылы сабақты бекіту.<br>топ II. топ<br><br><br><br><br>Қалыптастырушы бағалау | Кері байланыс<br><br><br>Мұғалімнің бағасы |

Зухра Пашшаева
ОҚО,Түркістан қаласы,
Иқан жалпы орта мектебі



# Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулу



Акжаркын Уразбахова,
Қызылорда қаласы
№ 101 мектеп-лицей
бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы әр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Қазіргі таңда оқыту үрдісіне қойылатын талаптар өзгеруде. Мұғалімдерге қойылатын міндет – оқушы мектеп қабырғасында алған білімін кез-келген уақытта өзінің керегіне ұтымды пайдалана білетін, жеке тұлғалық қабілет-қасиетін таныта алатын, әр түрлі міндеттерді шұғыл шеше алатын, шығармашылықпен іздене алатын жан-жақты дамыған, жауапкершілігі мол тұлға тәрбиелеу.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп **Ахмет Байтұрсынұлы** айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзіреттілігі арқылы айқындалса, сол құзіреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық- психологиялық көріністі талап етеді. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады»-дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығрмашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық – тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен. Шығармашылық қабілет әр оқушының бойында бар, соны байқай білу, дамыта білу керек.

- Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі талаптарды ескеру қажет:
- Оқу үрдісінде оқушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу;
- Оқушылардың оқуға деген, пәнге деген қызығушылығын дамыту, нәтижелерге жетуге талаптандыру;
- Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Өз бетімен жұмыстана білуге бағыттау, шешім қабылдауға, қорытынды жасауға мүмкіндік туғызу.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе;

Екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы – ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Осыған орай, ғалымдар жүргізген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану

т.б сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынасқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.




Әдебиеттік оқу сабағында оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі әдіс-тәсілдерді өз сабағымда жиі қолданамын:

- Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау;
- Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау;
- Белгілі мақала негізінде әңгіме жазғызу;
- Мәтін бойынша мақал құрастыру;
- Табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастырту;
- Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу;
- Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру;( тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы)
- Өлең, мақалдар құрастыру;
- Шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу;
- Кейіпкерге мінездеме беру;
- Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу;
- Рөлге бөліп оқыту;
- Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу(анаграмма, сөзжұмбақ, ребус)
- Диалог-ертегі;
- Образға кіру;

Осы сияқты жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Енді осы шығармашылық тапсырмалардың төмендегідей түрлерін ұсынып отырмын:

- Образға кіру;
- Талдау және қиялдау;
- Суырып салма ақын;
- Диалог-ертегі;
- Жұмбақ-мақалдар құрастыру
- Мысалы: «Образға кіру»

Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. (Мен-Итпін, Қасықпын, Шыршамын, Кітаппын деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу)

Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда өлең шумақтарын құрастырудың маңызы зор, мұнда оқушылардың ой шапшаңдығы, сөз байлығы дамиды. Бала ұйқас сөз табуға ойланады, қызығушылығы артады. Мысалы: Сөздің ішінен басқа сөздерді тауып жаз.




Жауаптары: қыз, ақ, дақ, қадақ, алда, дақыл…

1-сынып оқушылары үшін а-дан басталып, а-ға аяқталатын сөздерді жазуға тапсырма ретінде беруге болады. Мысалы: а-ға, а-на, ал-ша т.б

«Сиқырлы буындар» «Сөздік лото»

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ЛА | | | Қ | |
| ДА | РА | | А | О | У |
| | РЫН | | | | |

жоғарыда берілген дидактикалық тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар ізденгіштікке , тапқырлыққа, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады.

Қорытындылай келе, өз іс-тәжірибемде осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолда-

нудан мынадай нәтижелерге қол жеткіздім:

- оқушылардың пәнге қызығушылығы артты;

- оқушылардың білім сапасы көтерілді;

-оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс-әрекетке қабілеті артты.

Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға, оқытуда қиындық көріп жүрген оқушыға көмегі тиері сөзсіз. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге ұмтылыс бар. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым қатынас пайда болды.

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде жаңа адамды қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Оның ең бастыларының бірі де бірігейі-білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып білім мен тәрбиені ұлттық рухта әлемдік жүйеге жақындастыру. Сондықтан оқу-ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологияларды кең көлемде енгізу талап етіледі.

Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруді мақсат етіп отырған кезде білім берудің құрылымын, мақсаттарын, мазмұны мен технологиясын айқындап, алдыңғы қатарлы озық тәжірибелер мен технологияларды пайдалану әрбір педагог маманның бұлжымас қағидасы болуы тиіс.Білімді, іскерлік пен дағдыларды механикалық түрде емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеяларын қуат көзі болатын, тез өзгеріп отыратын әлем жағдайына бейімделген жеке тұлғаны қалыптастыру басымды болып табылады.

Бүгінгі күнде білім беру жүйесінде жаңашыл (инновациялық) ізденістер жолға қойылып, жаңа педагогикалық технологиялар мен оқытудың әдістері кеңінен қолданыс тауып отыр. Оқу материалдарының жаңа түрлерін дайындау, білім беруде олардың атқаратын қызметі мен қолдану тәсілдерін бүгінгі күннің талаптарына бейімдеу маңызды болып саналады. Қоғамның жедел дамуы барысында оқушылардың білім алуын ұйымдастырудағы негізгі мақсат-оқытудың әдістемелік жүйесін оның білім беру, ақпараттық фукциясына шешуші рөл бере отырып бағыттау және осы ақпараттарды пайдалану біліктерін қалыптастыруға басты назар аудару болып табылады.

Сабақтардың дамытушылық функциясының маңызды ерекшелігі өз бетінше білім алумен байланысты ойлау, интеллектуалды қызметкер болып саналады. Осы мақсатта оқулықта бақылау сұрақтары, жаттығулар мен тапсырмалар берілуі тиіс. Оларда танымдық қызметтерінің шарттарына қарай екі түрлі міндеттер қарастырылғаны абзал. Оқу жаттығуларын құруды негізгі критерийі ойлау қызметінің сипаты мен өз бетінше ойлау дәрежесіне қарай тапсырмаларды күрделендіру болып саналады. Тапсырмалар жүйелі түрде ой еңбегінің күшеюін қуаттандырып отыруы тиіс.

Бүгінгі күнде Ұлттық ақпараттандыру орталығында негізгі және үздіксіз кәсіби педагогикалық даярлық, білім берудің барлық деңгейінде оқытудың жаңашыл технологиялары, жалпы және кәсіби білім беруді ақпараттандырудың негізгі мәселелері бойынша арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырғанын баса айтқымыз келеді.

Болашақ бағыты біз пәндер бойынша жетілдірілген оқу бағдарламаларымен, оларды толықтыру, оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту жолдарын жетілдірумен байланыстырамыз.

- XXI ғасыр мектебі ұстаз ретінде менен қазіргі тез құбылатын әлемге бейімделгіш радикалды өзгерістерді өзімді кәсіби қызметімде шығармашылықпен жанжақты көрсетерімді талап етеді. Адамның үйлесімді дамуы білім берудің өзекті мақсатына айналып отыр.

Әрине, өмірде бәрі де өзгереді. Қоғам оның құрылымы, құндылықтар, адам оның талаптарымен бірге адамға деген талаптарда өзгереді. Әлемдік білім беру кеңестігіне әркім енуге әрекеттеніп, білім беру мазмұнын сипатына да тікелей ықпал етуде. Бұл мазмұндық сипат білім беру саласында жылдық білім беруге көшуге дайындық жұмыстары жан-жақты талқыланып, жаңа жүйенің нормативтік құқықтық негіздері қолдануда. Білім туралы жаңа заң және оған сәйкес Қазақстан Үкіметінің тиісті қаулыларының жобасы жасалу үстінде. «Дарын». «Болашақ». «Ауыл мектебі» мемлекеттік бағдарламалары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Әрине, жаңа мазмұнды білім беру жүйесін әр мұғалім өзінше қабылдап, өзінің ұстаздық қызметіне өзінше енгізеді. Ұстаздықтың қиындығы мен қызығы да осында.

Әрбір мұғалімнің үнемі біліктілігін арттырып, педагогикалық шеберлігін жетілдіріп отыруы және жалпы мектептің кәсіби мәдениетін дамытуы – білім беру сапасын арттырудың басты шарты. Мұғалімдер қашанда әртүрлі нысанда үздіксіз оқу үстінде болады. Олардың білім беруді демократияландыру жағдайын-

да жеке басының және ұйымдастырушылық мақсаттарына, жеке бас ерекшеліктеріне, қалыптасқан оқу және жұмыс істеу стиліне сәйкестігі тұрғысынан, ең алдымен, оқытуды мазмұндылық әрі технологиялық аспектіде бағалап, оқытудың неғұрлым оңтайлы нұсқасын таңдай алуы үшін қызметкерлерді оқытудың негізгі тұжырымдамаларын білуінің маңызы зор.

Осы құралдың мәні бойынша оқыту дегеніміз қабілеттерді, білімдер мен тәжірибені нақты бір мектептің нақты бір даму кезеңіндегі жұмысына қажет нақты біліктерге айналдыру әрекеті болып табылады.

ҚР-ның жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасынан (бұдан әрі – бағдарлама) күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Сонымен қатар оқуға деген қажеттіліктерді талдау және бағалау туралы даярлаған жұмыс құжатындағы нақтылық үлкен ой салды.

Бүгінде білім беру саласында жұмыс істейтін қазақстандық мамандарда оқуға деген қажеттіліктер пайда болды, бұл  жылға дейін білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасының қабылдауына, елімізде нәтижеге бағытталған білім беру үлгісіне көшу жүріп жатқанына байланысты туындады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кең қоғамдық талқыға салу үшін даярлаған жұмыс құжатында (2003) былай деп атап көрсетілген:

«Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесінің нәтижеге бағытталған білім беру үлгісіне көшуі білім берудің төмендегідей құрылымдық және функционалды негіздерін қалыптастыруды білдіреді:

Мектеп бітірушінің базалық біліктері түрінде жалпы орта білім берудің ұлттық мақсаттарын құру.

Ұлттық мақсаттарды анықтау және олардың жетістігін қадағалау барлық білім беру процесіне қатысушылардың өзара міндеттемелері жүйесін құруды білдіреді, олар әлеуметтік серіктестік тетігі ретінде білім сапасын қамтамасыз ету жауапкершілігін бөлісуді көздейді.

Оқытудан күтілетін нітижелердің көп деңгейлі жүйесін құру; олар орташа және ұзақ мерзімді сипаттағы мақсаттар болып табылады және тұлғаның мектепте білім алу кезеңіндегі даму бірізділігін көрсетеді.

Оқушылардың оқудағы жетістіктерінің нәтижелерін бағалау критерийлері мен бағалаудың жаңа формаларын әзірлеу; олар оқу пәндерінің мазмұнына сәйкес білім, іскерлік, дағдыларды емес, біліктердің даму динамикасы мен кең көлемдегі дағдыларды қадағалауға бағытталған т.б.

Күтілетін нәтижеге бағытталған білім беруге көшу жөніндегі жұмыс үш кезеңмен іске асырылады: алдыңғы, даярлық және енгізу кезеңдері.

Сонымен, еліміздің дүниежүзілік әлеуметтік кеңістікке кірігу бағытында дамуының өзі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі кадрларының алдына білім беру қызметінің түбегейлі жаңа тәсілін меңгеру қажеттілігін қойды. Бұл педагогтардың үлкен тобының әртүрлі формада оқуға деген жаңа сұраныстарын тудырды.

Қазіргі заман адамының білім алу қажеттіліктері барған сайын алуан түрлі бола түсуде. Бүгінде оларға жалпы орта білім мен қандай да бір мамандық алу қажеттілігі ғана емес, сонымен бірге денсаулығын қорғау және жақсарту, отбасылық өмірінің сапасын жақсарту, қоғамдық өмірге білікті қатысу, бос уақытын мәнді өткізу, өз тұлғасын дамыту үшін оқу қажеттілігі де енеді.

Осы қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, білім беру қызметін көрсету саласы дәстүрлі білім беру жүйелері сияқты тек экономикалық және әлеуметтік функцияларды ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, тұлғаны дамыту функциясын – тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Бүгінде білім берудің мақсаты – тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды» қамтамасыз ету ғана емес, адамға «өзімен-өзі болу» және «қалыптасу», іске асырылу мүмкіндігін беру, сондай-ақ онда «үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын» қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында XXI ғасырдың басындағы білім берудің даму бағыты біздің көз алдымызда мына төмендегілер арқылы қатаң негізделгендікті жоюдың жолы ретінде танылуда:

-дәстүрлі білім беру жүйесі шеңберін кеңейту;
-әртүрлі шектеулерді жою, неғұрлым көбірек ашықтық пен икемділік алу;
-оқу барысында индивид мінез-құлқының ашылуы; т.б.

Осындай жағдайларда әрбір білім ұйымы – оқитын білім ұйымына, ал әрбір маман үнемі өсіп отыратын тұлғаға айналады.

Осы – ойтолғаныс негізінде ұйымдастырудың мынадай үлгісі - өзін-өзі дамытуға үйрету және оны ұйымдастыру, іс-әрекет арқылы оқыту, өзін-өзі бағалау және қоршаған ортаның бағалауы, құрылымдалған топтық оқыту – мектептің және кез келген білім ұйым басшыларына жақсы бағыт беруші бола алады деп ойлаймын.

# Туған жер - елімнің мәртебесі

**Семинардың мақсаты:** Балаларға еліміздің ертеңі өздері екенін сезіндіру.

Олардың отанға деген сүйіспеншілігін ояту. Ертегіне сахналау арқылы тілін ой өрісін ,сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Бір-біріне мейірімшілікпен , достық сезіммен қарауға үйрету. Сахнада өз-өзін қалай ұстауға, музыкалық шығармашылығын ояту.

**Фанфары:** Жүргізушілердің шығуы

**1-жүргізуші:**
Сәлеметсіздерме Құрметті қонақтар!
Сіздерді ақ көңілмен,пәк сезіммен
Бүгінгі біздің балабақшамызда ,қарсы алып отырмыз.
Бүгінгі өтіп жатқан семинарға қош келіпсіздер!

**2-жүргізуші:**
Осы біздің балабақшамыздың балалары туған еліне, жерінебалабақшасына және келген қонақтарға ,сіздерге деген сүйіспеншілігі мен сәлемін ән жырымен жеткізбек.
Қабыл алыңыздар!

Балалардың шығуы Ән ,би: «Ассалаумағалейкум» әні

**1-жүргізуші:**
Ақ көйлегі үстінде
Би билейді дөңгелеп
Тал шыбықтай бұралып
Биші болар өскенде

**2-жүргізуші:**
Мың бұралған бишілеріміз
Жүректегі жылы лебіздерін
Бипыл биімен жеткізеді.
Би: «Бипыл» Домбырамен

Қонақтарды әр түсті табличкамен топтарға алып барады.

**Фанфары:** Балалардың шығуы:

**Тақпақтар :**

**1-бала**
Мен елімді жырлаймын
Қазағыммен мақтанамын, өйткені ол жыр әнім.
Биік ұшқан көк жүзінде қалықтаған қыраны,
Сол қыранның қанатында Қазақстан тұрады.

**2-бала:**
Мен елімді жырлаймын
Туған тілім абыройым, сарқылайтын бұлағым.
|Көк аспанда қалықтаған көк туыммен әлемге,
Таныта алам сан қырымен мына біздің Отанның

**3-бала:**
Мен елімді жырлаймын
Тәуелсіздік алдық біз жиырма бес жыл толды.
Осындай еркіндікті ел тілесін,
Бақыт құсы бағымызға еркін келсін.

**4-бала:**
Мен елімді жырлаймын
Бағындырған белестер жиырма бестің ішінде,
Болашақтың бағдары EXPO дай көрмені,
Ұтып алдық алақай, сәтті қадам елімe.

**5-бала:**
Біздің бағыт «МӘҢГІЛІК ЕЛ» Елбасының ұраны,
Сара жолы сайрап жатқан келешектің құралы.
Елбасымыз аман болса батыр қазақ елі де,Мәңгілердің мәңгісі, ТЕК МӘҢГІСІ болады.

**Ертегінің басталуы:**
Музыкамен қыздың шығуы.

**Қыздың сөзі:**
Мен осындай киелі де қасиетті қазақ жерінде

тұрамын.және мақтан тұтамын.Өйткені бұл жерде мен секілді балдырғандардың арман тілектері орындалады.Сіздер сенбей отырсыздар ма? Кәне өтініш көздеріңізді жұмып көріңіздерші ? Кәне барлықтарыңыз жұмдыңыздарма ? Бір сәтте балалық армандарыңызды еске түсіріңіздерші?

Сиқырлы музыка ойнайды. Свет өшіріліп ақ киімде періштелер қолдарында свечимен шығады.

Би; «Періштелер»

Бидің соңында сиқырлы музыкамен сиқыршы шал джин отырады.

**Қыз :** Ой сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

**Джин:** Мен сиқырлы да,мәртебелі джин боламын. Сендер ғой мені ояткан мен сиқыршыны қалаймын деп армандаған . Міне сендердің армандарыңды орындауға келіп тұрмын? Не бұйырасыз ? Ханымым ,Әміріңізге құлдық .

**Қыз:** Ойй не деген ғаламат ,не деген керемет .Періштілер менің арманымды орындапты ғой.



Тамаша ? Сіз шынымен барлығын орындайсызба? Менің (Құлағыныз ға айтсам бола ма )

**Джин :** ООО кішкентай ханымым әміріңізге құлдық ( Деп теріс қарап венгаль свечин жағып түтінін будақтады.

Шығыс музыкасымен мың бұр түн ертегісінің кейіпкері Шехризада пайда болады.

**Шехризада:**
Келіңдер жас ұландар
Ертегімді сан қилы
Қызық-қызық сырлар
Сонымен балалар
Ертегіні көріңдер
Шын бағасын беріңдер

Ортаға келіп малдас құрып мың бір ертегі кітабын ашып отырады.

**Шехризада сөзі:**
Ерте,ерте ,ертеде Шығыс елінде ,Бағдт қаласында Фатима деген қыз өмір сүріпті. Фатима өте ақылды, пысық,алғыр,тапқыр қыз болыпты. Оны бәрі жақсы көріпті.

Ортаға Фатима қолыа құс алып,кілемше жайып отырады

**Шехризада:**
Бір күні Фатима ағаштың түбінен жаралы құсты тауып алады. Ол оны күтіп ,баптап, оған қорған болады.

**Фатима:**
Ах ,байғұс құсымай! Мен саған тамақ берем, су берем.

**Шехризада:**
Күндердің күнінде құс өсіп, әдемі құсқа айналады.

Құстың биі

БИ. «Павлин»

Осы кезде Эмир патша жастыққа сүйініп жатады. Алдында тамақ, қызметшілері желпіп тұрады.

**Шехризада:**
Дәл осы калада өзі бай, зұлым,
Каһарлы Эмир деген патша болыпты Ол тамақ ішкенді,ұйықтағанды жақсы көреді екен.

**Эмир патша:**
Қане маған ақылшы қарияны шақырыңдар!

**Қария:**
О патшам, бұл қалада Фатима деген сұлу бар .Ол сұлудың сиқырлы құсы бар екен.Құсы әдемі ақылды,өзі билеп,ән айтады екен.

**Эмир патша:**
Ол құс менде болу керек.Әкеліңдер құсты маған! Бұйырамын! Тез жеткізіңдер!

Фатима мен құсты алып келеді.

**Эмир:**

Сен құсыңды маған бер.Бұл құс тек маған қызмет етуі керек. Мен саған көп алтын берем.

**Фатима**:
Жоқ бермеймін. Бұл құс менің досым, досты сатуға болмайды.

**Эмир**:
Аааа , солай ма? Онда мен сенің құсыңды алып өзіңді қараңғы зынданға тастаймын.

**Фатима:**
Жоқ ,бермеймін. (Фатима жылайды) Құс билейді (Эмирді айналып билеп жүріп, қауырсанды патшаға береді)

**Шехризада:**
Сөйтіп патша алтын қауырсынды қолына ұстап, қимылсыз қалыпты. Құс патшаны осылай жазалапты.

**Джин**:
кішкентай ханшайым менің ертегім ұнадыма?

**Қыз**:
Жоок маған ұнамады біздің елімізді мейірімсіз патша жоқ мені баска ертегі еліне апаруыңды бұйырамын.

**Джин**:
жарайды әміріңізге құлдық? Сиқырлы музыка ойналады.

Ағылшын тілінде ертегі ( ағылшын тілде балалар ойнайды)

Собрались у колодца три женщины. Две из них стали наперебой хвалить своих сыновей. Одна говорит, что ее сын красивее всех, сильнее всех и умнее всех. Другая — про своего то же самое. А третья стоит рядом и помалкивает. Две первые ее спрашивают, почему она молчит. А она говорит, что он у нее обычный, ничего особенного.

Пошли женщины с тяжелыми ведрами домой. А навстречу им сыновья идут. Сын первой прыгает через голову, ходит на руках, бросает тяжелые камни. А мать радуется, смотрите, мол, какой он у меня.

Сын второй стал посреди дороги и поет, как соловей, и пляшет. А мать довольна. А сын третьей подбежал к матери, взял ведро и понес домой.

Проходил мимо старик. Две женщины подбежали к нему и просят его рассудить, чей же сын лучше. А старик отвечает:

— А где же ваши сыновья, я видел только одного. — И показал на того, что понес ведра.

**Қыз :** Жоқ сиқыршы бұл ертегіде аналарын сыйламайтын қандай балалар маған бұл ертегіде ұнамады. жоқ өз елім өлең төсегім деп өз елімі ,өз қазақ ертегілеріне жететін ертегілер жоқ екен өз еліме мені қайтар.

**Джин :** Жарайды кішкентай ханымым .
Флешмоб ; Қазақстан алға
Қыз: Туған елім, өзіңнің,
Жазираңды кездірдің.
Жайма –шуақ кезімнің,
Рахатын сездірдің!
Туған елім – гүл елім,
Қасиетіңді білемін.
Өзіңе деп жүремін –
Лүпілдеген жүрегім!
Ән: « Мен қазақтың қызымын»

**1-жүргізуші.**
Елімнің атын айтсам-Қазақстан
Жерімнің атын айтсам-Қазақстан\
Қойнауы қазынаға толған мекен
Байлығым атын айтсам-Қазақстан!

**2-жүргізуші**
Міне осындай егемендi елiмiз
Кең жазира ұлан байтақ жерiмiз,
Туған елiн, туған жерiн сүйетiн
Бiз қазақтың ұланымыз , ерiмiз

Тәрбиешілердің орындауында . «Алтын дән» балабақшасының әнұраны

**Қорытынды** : Қонақтарға сөз беру:

Тастанова. Ж.С.

Шымкент қ.,

№95 «Алтын дән»

Бөбекжай-балабақшасы

M.Жұмабаевтың «Толқын» өлеңінде толқын біресе бала болса, біресе ғашықтарға айналады, ең соңында өледі. Ақын өлең жолдарында қандай қозғалыс, қандай әрекет жатыр

**Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан не жазса да сырлы,көркем сөнді жазады.**
**Ж.Аймауытов**



Осылай Мағжанның ақындылығына баға берген Жүсіпбектің сөзін дәлелдеу үшін ақынның бірқатар өлеңдеріне талдау жасап көрейік.

Мағжанның сыршылдығы неде? Мағжанның өлеңдерінің құдіреті қандай?

Мағжан терең ойдың ақыны емес, ол заманды суреттеуге шебер емес. Ол келешекті болжап, жұртты соңынан ертпейді де. Алайда, Мағжан – сыршыл-дығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен күшті.

Өмірде барлық нәрсе өзгереді, өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе ол – табиғат. Табиғат, махаббат – қашаннан бері ақындардың жырға қосып, жанына дауа болған – шипасы десек, Мағжан атамызда табиғатты өзгеше жырлаған. Табиғатты суреттеуде ақынның ойлағаны,сезгені, жүрегінің қайғыруы, көңілінің кірбіңі көрініп тұрады. Мәселен, мен талдағалы отырған «Толқын» деген өлеңінің алғашқы шумақтарындағы:

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады.
Толқынмен толқын жарысад,
Жарысып жарға барысад,

деген жолдарды оқығанда бірін-бірі жарыса қуған балаша жағаға қарай жеткенін-де білмей де қаларсың. Көз алдыңа сыбырласып, сырласқан ерке толқынның жанды бейнесі арқылы сұлу да ерке қыздың қылығы елестейді. Өмір – өзен десек, бірін-бірі қуалай қуған толқын әрекеті арқылы қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмір белестерін біресе былдырлаған ерке балаға ұқсатса, біресе ғашық жандарға ұқсатады.

Ақын «Толқынды толқын қуады» деген жолдарды қайталай отырып, кәусар сумен жарының бетін жуған ғашықтарды көз алдымызға әкеледі. Бір кездегі ерке бала бірінің сырын бірі ұрлаған ғашықтарға айналып, ғашықтықтың азабынан, біресе күліп, біресе жылайды. Жағаға соққан толқын қалай басылса, ғашықтық сезіміне күйген жандарда жылай, күле басылады. Ақын бұл көріністі:

Сылдыр-сылдыр сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап – деп,

дыбысымен, ырғағымен айналаның бәрін ғашық жандардың сыңғырлаған үні басып кеткендей әсер қалдырады.

Менің бұл өлеңнен түйгенім, бірін-бірі қуалай жағаға соққан толқындардың әдемі көрінісі арқылы ақын алаңсыз, қамсыз өскен ерке баланың ғашықтық дертіне ұшырап, соның құрбаны болғандығын әдемі қайталаулар мен әсерлі сөздер арқылы жеткізгісі келген сияқты.

Міне, ақын өлеңінің құдіреті де осында.Табиғаттың тылсым сырын ашуда жансыз затқа жан бітіріп, оны адамның сезімімен үйлестіре білген ақын өлеңінің құдіретін көреміз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Бірлестік жетекшісі: Назипа Құлжанова

# Формы использования ИКТ в образовательном процессе

Внастоящеевремясовременноеобществоподвержено сильному влиянию на него компьютерных технологий . Неотъемлемой и важной частью этих процессов является компьютеризация образования. Время диктует нам условия, при которых система образования ориентируется на вхождение в мировое информационно-образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике учебно-воспитательного процесса, связанными с внесением корректив в содержание технологий обучения, которые должны соответствовать современным техническим возможностям. Компьютерные технологии призваны стать частью целостного образовательного процесса . Они должны значительно повысить общую мотивацию учеников, эффективность образования и качество знаний.

Компьютерные технологии все больше входят в нашу жизнь, все больше времени занимают у подрастающего поколения. Все мы прекрасно понимаем, что сегодняшние школьники гораздо больше времени проводят за компьютерами, чем за чтением художественной или учебной литературы. С этим бороться бесполезно, это надо принять как данность и использовать ее в своих интересах. А самый главный наш интерес – дать ученикам необходимые знания, повысить качество и уровень образования, научить школьников искать новые знания, пользоваться ими. В достижении этой цели компьютер – друг наших детей и наш тайный сообщник – может оказать нам большую помощь.



Сегодня появились новые технические средства с колоссальными обучающими ресурсами, которые принципиально влияют на организацию учебного процесса , увеличивая его возможности. Новые технические, информационные , полиграфические, аудиовизуальные средства становятся неотъемлемым компонентом образовательного процесса , внося в него специфику в виде нераздельности методов и средств. Это качество уже позволяет говорить о своеобразных педагогических технологиях , основанных на использовании современных информационно-компьютерныхсредств.

Проникновение современных информационных технологий в сферу образования позволило педагогам качественно изменить содержание, методы и организационные формы обучения. Целью этих технологий в образовании является усиление интеллектуальных возможностей учащихся в информационном обществе, а также индивидуализация, дифференциация процесса обучения, осуществление контроля с обратной связью, самоконтроля и как итог - повышение качества обучения на всех ступенях образовательной системы.

И все же сейчас в школе компьютерные технологии заняли прочное место в организации учебного процесса по различным дисциплинам. Сегодня не возникает сомнений в необходимости и эффективности их использования . Состояние современного образования таково, что процесс обучения проходит в условиях постоянного увеличения потока информации, подлежащей усвоению. В этих условиях качество образования зависит от правильной организации учебной работы и от профессионализма и компетентности преподавателя.

Мой личный опыт показывает, что применение информационных технологий на уроках и во

внеурочной деятельности, расширяет возможности творчества как учителя, так и учеников, повышает интерес к предметам, стимулирует освоение учениками новейших достижений в области компьютерных технологий, что ведет к интенсификации процесса обучения и повышению качества знаний. Но нельзя забывать и о живом слове учителя. Поэтому использование ИКТ должно быть грамотно организовано и стать помощником в процессе обучения и воспитания.

Компьютер на уроках можно использовать ,как:

- Визуальный источник информации
- Интерактивный демонстрационный материал\
- Тренажер
- Контроль знаний, умений, навыков учащихся

Самостоятельная поисковая, творческая работа учащихся

Одна из возможных форм организации обучения на уроках использование электронного учебного пособия. Но если стандартное пособие может выступать как вспомогательный материал к учебному занятию, то собственное создание электронной формы позволяет расширять и углублять знания, проводить огромную исследовательскую работу, проявлять творческий подход к изучаемому предмету. На первый план выходят ученические презентации, в процессе демонстрации которых школьник приобретает опыт публичных выступлений и может выступать в роли учителя. Этот вид пособия позволяет совместить биографический материал, учебные статьи по некоторым частным проблемам истории литературы, хрестоматию, содержащую отрывки из текстов произведений русской и зарубежной литературы, практические задания, вопросы, контрольные тесты по изученному материалу. На уроках литературы, истории, православной культуры, мировой художественной культуры широко используются презентации, подготовленные учащимися. Ребята имеют возможность использовать ресурсы предметных кабинетов, Интернета. Такая работа позволяет проявлять творчество, индивидуальность, избежать формального подхода при подготовке домашнего задания. Подготовка презентаций – творческий процесс , часто совместная деятельность учителя и ученика. Презентации эффективно используются на различных этапах урока и во внеурочной деятельности, что позволяет быстрее и глубже воспринимать изучаемый материал. При подготовке презентации ученик проводит огромную исследовательскую работу, использует большое количество источников информации, проявляет творческий подход к изучаемому предмету. На уроках русского языка широко применяются тренажеры, позволяющие организовать как коллективную работу, так и самостоятельную с применением мобильного компьютерного класса. Современные образовательные технологии позволяют разрабатывать и реализовать новые формы проведения занятий: виртуальные экскурсии на родину великих писателей, чьё творчество изучается на уроках литературы (Л.Толстого, И.Тургенева, И.Бунина и многих др.), послушать фрагменты музыкальных произведений, имеющих непосредственное отношение к изучаемому художественному произведению, познакомиться с творчеством художников, провести заочную экскурсию. Всё это позволяет учителю эффективнее использовать наглядный материал, а школьнику успешнее освоить учебную программу.

Наряду с многочисленными положительными сторонами информатизации образования просматривается ряд проблем:

изучение возможностей средств новых информационных технологий , педагогическая целесообразность их использования психолого-педагогические требования, предъявляемые к информационным технологиям , оптимальные условия их применения Тем не менее, все вышеизложенные интерактивные, информационные и мультимедийные формы и подходы к образовательному процессу позволяют не только повысить мотивацию учащихся к изучению учебных предметов, но и приближают само обучение к современным условиям и современным требованиям к образованию, организации учебного занятия и повышают качество образования.

СапураЧитаева

г.Актау,

КГУ «СОШ№12»

# САЙТ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ



Қазіргі кезде сайт жасау мәселесі өзекті болып жүр. Дегенмен сайт жасау жолдарын білмес бұрын сайтқа катысты терминдерді, бағдарламаларды білген абзал. Сонымен сайтқа байланысты терминдерге хостинг, домен, сервер және т.б. жатады.

Хостинг дегеніміз ол сайтыңыздың Интернеттегі орны, яғни сайтыңыздағы материалдардың сақталатын жері. Олар арнайы серверлерде сақталады, ал ақпараттың қауіпсіздігін хостинг беруші компания қамтамасыз етеді. Хостинг ақылы болғандықтан, ақысын ай сайын немесе жылына бір рет төлейсіз.

Хостинг пен қатар домен сөзін де естіген шығарсыз, бұл екеуі әдетте қатар жүреді. Домен ол сіздің сайтыңыздың атауы. Яғни сайтыңыздың атын тіркеуден өткізіп, бұл үшін де жылына бір рет ақысын төлейсіз. Қазір көптеген хостинг компаниялары 12 айға хостинг ақысын төлесеңіз доменіңізді тегін тіркеп береді.

Сервер (server)– желіге қосылған және оның пайдаланушыларына белгілі қызмет көрсетуді қамтамассыз ететін компьютер.Серверлер желіні пайдаланушылардың қажеттілігінен туындайтын мәліметтерді сақтауды, мәліметтер қорына сұраныстарды өңдеуді, жойылған тапсырмаларды өңдеуді, тапсырмаларды басып шығаруды және

басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

Сонымен сайт жасау жолдарына келетін болсақ, сайтты әртүрлі жолдармен жасауға болады. Бірінші кезекте, әлбетте,оңай жолын қарастырайық. Егерде сіз Html,PHP және басқа да бағдарламалау тілдерін білмесеңіз. Бірақ веб-сайт жасау сізді қызықтырса, онда сайт жасаудыңбұл жолы сізге тиімді болып келеді. Сайт жасаудың ең оңай әдісі ол - дайын құрастырушы( конструктор)көмегімен жасау. Яғни сіз белгілі бір сайтқа тіркеліп, домен адресіңізді өз қалауынызшы жазасыз. Содан сон құраушыұсынылғандайын дизайның таңдап, шебердің қадамдары бойынша өз сайтынызды жасайсыз. Кең таралған құрастырушылар:www.ru.wix.com, www.ucoz.ru, www.narod.ru ,www.a5 ru.

Құрастырушы арқылы сайт жасаудың кемшіліктеріне келетін болсақ:

• Хостингтен сізге шектеулі ғана орын беріледі.

• Сайттың оң жақ бұрышына жарнама шығады

• Сайттың домені үшінші деңгейлі болып тіркеледі, мысалы: www.byirektal.wix.com яғни сіз өзіңіз жазған домен атына нүктеден кейін құрастырушының аты қоса жүреді.

Құрастырушы арқылы сайт жасаудың артықшылықтарына келетін болсақ:

• Өзіңіздің жеке, тегін жасалған сайтыныз болады

• Уақытыңыз үнемдейсіз

Құрастыруға оңай, әрі жылдам

Сайт жасаудың екінші әдісі – «движок» арқылы жасау. «Движок» дегеніміз HTML, PHP…… .т.б.тілдерді пайдаланып жасалынатын бумаларға салынған түрлі файлдар, сайттың дайын қоры. Сіз тек қажетті мәзірді, модульдерді қосып, өңдейсіз. Бұл бағдарламалар арқылы сайт жасау үшін оны хостингке орнату керек, сосын оны ары қарай өңдеуге болады. Сонымен қатарсайтыңызды жасап алғанша бағдарламаны компютеріңізге орнатып алуыңызға болады. Ол үшін Denwer бағдарламасы қажет болады. Бұл бағдарлама сайтыңызды хостингте(Интернетте) тұрғандай сезіндіреді. Дайын сайтты Интернетке орналастыру үшін домен аты мен хостингті сатып алу қажет болады.

Асатанымал және кемелденген «движоктар»: joomla, drupal, wordpress, DLE, livestreet … .

«Движок» арқылы сайт жасаудың кемшіліктеріне келетін болсақ:

- әр түрлі бағдарламалармен жұмыс істеуді білу,
- уақытыңыздың көбі сайт жасаумен өтуі.
- «Движок» арқылы сайт жасаудың артықшылықтарына келетін болсақ:
- өзіңізге қажетті домендік есімнің болуы,
- жарнамалардың сайтыңыздың бетінде болмауы,
- сайтынызды өзіңіздің қалауыңыз бойынша өзгерту, әрлеу, әсемдеу.

Енді сайт жасау әдістерінің бірі - арнаулы бағдарламалармен жасау.

Сайтжасаубағдарламалары өте көп. Қарапайым үйренушілерге арналған: Microsoft Front Page ,TurboSite,Macromedia Dreamweaverжәне т.б. .

Бұл бағдарламалардың артықшылығы: сайт құруда арнайы бағдарламалау тілдерін білмей ақ қойса да болады.

Ал кемшілігіне келетін болсақ: бұл бағдарламалардың мүмкіндіктерін білу.

Сонымен сайт жасаудың кең таралған жолдары, олардың кемшелектері мен артықшылықтарыжоғарыда қарастырылған. Сайт жасағысы келетіндер қалауынша жолды таңдай алады.

Фурхат Исаков,
ОҚО,Түркістан қаласы,
«Шорнақ» жалпы орта мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
информатика пәні мұғалімі

# Жүсіпбек Аймауытовтың "Ақбілек" романындағы кейіпкерлердің өмір үшін күресін талдау



Өмір- бақыт, өмір -әсем, өмір - гүл. Бұл жарық дүние адам баласына бір-ақ рет берілетін Алла тағаланың сыйы. Қыбырлаған жәндіктен бастап барлық жаратылыс өмір сүру үшін өз әрекеттерін жасайды. Күрессіз, талпыныссыз өмір сүру мүмкін емес! Адам жаны, өмірі-барлық нәрселерден де саф алтыннан , гауһар жаһұттан да қымбат дүние.

"Ақбілек"романында әр кейіпкердің өмір үшін күресін оқи отырып,таң қаласың. Шын мәнінде, Ақбілек небір қиын сәттерді бастан өткерсе де,мына жарық дүниеге ешнәрсе жетпейтіндігін,қараңғы қапас дүниенің ар жағында нұрын шашқан сәуле бар екендігіне сенді. Өкінішке орай,өмірінде көрмеген, дінін, тілін білмейтін қарамұрт офицерге жар болды,содан пана тапты, бойына бала бітті. Ертеңгі күннің жарық сәулесін көру үшін орыс офицерлерінің кірін жуып,тамағын істеп,тіршілік күнін кешті.Өліммен бет-бет келген кезде де, арпалысып қиыннан жол таба білді. Қызыл әскерлерден қашқан ақтар өз бастарын қайда тығарын білмей, жан-жаққа қаша жөнелген кезде, Ақбілек керексіз заттай қалып қойды. Түз тағысы қасқырға жем болып қала жаздап, ажал тырнағынан әрең құтылып шығып, еліне келген Ақбілекті сорақы, азап, мазақ, мұңды өмір күтіп тұрды.Тозақтың отына күйді, өртенді, әйтсе де ерке, сұлу қазақ қызы өмірге деген құштарлығының арқасында тірі қалды. Келер күннен үміт күтті. Оқу оқып, әрекет жасап, жаңа бақыт тапты.

Романдағы кейіпкерлердің бірі--қарамұрт орыс офицері. Өз жерінде,елінде аты шыққан офицер қазақ жерінде өмір үшін жанталасып, бас сауғалауға мәжбүр болды. Дегенмен, мен оның әрекетін бұрыс деп айтқым келмейді. Ол да ертеңгі күннен үміт күткен пенде. Жанын қиғысы келмеді. Бір күндік өмір болса да , сүйікті жар болғысы келді. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған Ақбілекке пана бола білді. Өмірдің тым балдай тәтті екенін түсінді, қазақ қызына өмір сыйлап , өзі Қытай асып, өмір сүруді қалады.

Шынында да, романдағы әр кейіпкердің өмір сүру үшін күресін сезініп, бұл өмірді тек мәнді де мағыналы етіп өткізгің келеді. Ана құрсағындағы сәбидің өмір үшін күресі кез келген адамды толғандырады. Ақбілек ішін қанша қысып байлап тастаса да , сәби ана құрсағында жарық дүние үшін күресті. Ол қатты байлап, матап , қысқан сайын құрсағыңызда "Мен бармын , мен тірімін, өмірді көргім келеді" деген белгі беруден жалықпады . Көрер жарығы бар екен , жаңа өмір есігін ашып , жарық күнді көрді. Дене кемістігіне қарамай Ескендірдің алға ұмтылуы жаныңды тебірентеді.

Қорыта айтқанда, ұлы жазушының "Ақбілек" романындағы кейіпкерлердің өмір үшін күресі Адам ата мен Хауа ана сыйлаған адамзат баласының мәңгілік жасайтын ұлы істеріне айналды. Өмір барда, тіршілік бар , адамзаттың өмір үшін күресі тоқтамақ емес, тоқтамайды деген сенімдемін.

ОҚО, Түркістан қаласы, Жаңа Иқан ауылы

Ұлықбек жалпы орта мектебінің

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі,

Гүлмира Әмірбекова

# Менің педагогикалық ұстанымым!

«Ұстаз»-қандай құрметтті сөз!Меніңше, шәкіртке білім мен тәрбие берудің ұстанымы деп ойлаймын. Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десеңші!

Ұлағатты ой иелері де арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. ОЛ-Ұстаз!

Ұстаз-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы,маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы,жарқын үлгісі,бала қиялын самғатып,арманын көне ұғындырушы басты тұлға.

Ендеше олардың еңбектерінің нәтижесі-елін сүйетін,білімді де білікті шәкірттер.

Елдің ертеңі-бүгінгі ұрпақ.Тәуелсіз еліміздің ұрпағы-кемел де терең біліммен қаруланған,ғылым мен техниканың сан қырлы тетігін меңгерген,бүкіләлемдік құндылықтарды бойына сіңіре алған ұрпақ болуы хақ.Ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан бабалар дәстүрін,аманатын орындау-бүгінгі ұрпақтың міндеті.Сондықтан да XXlғасырда ұстазға қойылатын талаптар да зор екенін білеміз.

XXl ғасыр-бұл ақпараттың қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге,адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі мұғалім-ата-ана,бала бағбаны,қоғам қайраткері. Бала тәрбиесініңқайнар көзі саналатын бастауыш сынып оқушыларына қойылатын талап та күн сайын артып келеді. Оқушыны белгілі мақсатқа сай баулу,логикалық ойлау қабілетін дамыту тікелей ұстазға байланысты. Сол себепті менің қызығы мен қиындығы мол еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым-бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына сай боларлықтай ұрпақ оқыту,балалардың қабілеттері мен таланттарын жан-жақты ашу,айқындау, тәрбиенің ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеру,бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсат-мұраттарға жетелеу.

Бастауыш пәнінің мұғалімі болу аса маңызды жауапкершілікті қажет етеді. Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз,қабылдау мүмкіндіктері әр түрлі болады. Дегенмен,әр баланың бір нәрсеге бейімі болады.Мен өз тәжірибемде бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алатынына көз жеткіземін.Ол үшін шығармашылық тапсырмалар әр сабақта өтілетіндей ұйымдастыру қажет.

Жалпы оқушылардың шығармашылығын дамытуда»Сын тұрғысынан ойлау»технологиясы мен «Дамыта оқыту»технологиясын тиімді деп есептеймін және сабағымда жиі қолданамын.

Келешекте өз әдістемем технологияларыммен сабақ үйрету шеберлігімді жетілдіру үшін төмендегідей жұмыстарды жүргізу қажет деп білемін.

Үздіксіз біліктілігімді көтеру,жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындау,өзіндік жұмысты жоспарлау,ұйымдастыру,мұғалім мен оқушының жеке тұлға ретінде шығармашылық ынтымақтастығын дамыту.

Бүгінгі ұрпақ-жаңа ғасыр ұрпағы.

Сондықтан»Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан,»-деп Абай атамыз айтқандай,біздің әрбір шәкірттеріміз кірпіш болып қаланып,дәстүріне берік болып,жасалып жатқан жақсылықтарды қайтаруға күш-жігерін аямайтын ұрпақ болуы қажет.Сонда бізді өзге елдер тани түсер еді.Өйткені,болашақ жастардікі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні,жас ұрпаққа сапалы біліммен саналы тәрбие беруде педагогикалық шеберлігімді шығармашылық арқылы дамытуға күш-жігерімді аямаймын.

Шындығында,әрбір ұстаз жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзін дамытады,өзін-өзі қалыптастырады.

Біздің мақсат-рухани әлемі бай шәкірт.Осы мақсаттан шығу-ұстаздардың басты міндеті деп білемін.

Лиза Пришова,
Қызылорда қаласы,
№187 М.Шоқай атындағы мектеп





№21 жалпы білім беру орта мектебі,
КММ Ақтау қ., бастауыш сынып және
бейнелеу пәнінің мұғалімі
Алдабергенова Гүлшара Елеусінқызы

**Сабақтың тақырыбы:** Мүсіндеу әдістері
**Сабақтың мақсаты:** Мүсін өнерінің түрлері, қолданылатын материалдармен таныстыру.
**Сабаққа қажетті құрал-жабдықтар:** Әр түрлі материалдардың жасалған мүсіндер, мүсіншілер туындыларының фотосуреттері, интерактивті тақта, слайдтар, белгілі тұлғаларға арналған қаладағы ескерткіштердің суреттері.

Мүсіндеу көркем өнердің бір түрі. Мүсіндеуге әдетте сазбалшық пен ермексазды пайдаланады.

«Скульптура» сөзі алғашқыда қатты материалдардан фигураларды қашап жасауды білдірген. Әуесқой мүсінші әртүрлі жанрда жұмыс жасап, әр түрлі материалдарды пайдаланып,сан алуан тақырыптармен сюжеттерге арнап мүсін жасайды. Үлкен мүсіндер бағзы замандардан бері тас, қола, ағаш, соңғы кезде бетоннан да жасалып жүр.





Шағын мүсіндердің мүмкіншіліктері үлкен- оны фарфор, сүйек тағы басқа көптеген материалдардан жасайды.Әрине бұл материалдардан үлкен мүсін жасай алмайсың.

Алматы қаласындағы Абай, Шоқан, Жамбыл ескерткіштері осы қаланың көркемдік келбетінің құрамдас бөлігі болып табылады

Бұл мүсіндерді көбейте алмайды. Ал шағын мүсіндерді көптеп көбейтуге болады.

Мүсіндеудің бейнелеу өнерінен айырмашылығы – оның басты әсерлік құралы-аумақтық пішін. / тұрғы

**Енді мүсіндеу материалдарымен танысайық.**

Ермексаз

Оқушыларға қолайлы мүсіндеуде қолданылатын материал-ермексаз.оның құрамында табиғи немесе минералды балауыз қосылған.Ермексазбен жұмыс істегенде сүйек, металл, ағаш, пластмассадан жасалған кескіш пайдаланады.

Ағаш мүсіндер

Ағаштан мүсіндеудің техникасы жұмсақ материалмен мүсіндеуге қарама қарсы. Жұмсақ материалмен мүсіндегенде пішін көлемі өсіп отырса, мұнда керісінше алынады.Ағаштың табиғи түсі ұзақ сақталмайды: ол тозаңданады, ластанады, қараяды. Сондықтан ағаш мүсінді мөлдір сулы бояулармен химиялық реактивтермен не түссіз лакпен немесе олифпен бояйды.

Енді балалар осы қаламыздың ескерткіштерін, мүсіндерін тамашалайық .Осы ескерткіштердің авторын іздеп тауып ,ол Маңғыстау облысының Ақшұқыр аулының тұрғыны болып шықты.Ол кісінің аты-жөні Қуаныш Қонарбайұлы екен. Телефон арқылы хабарласып ауласындағы бірнеше ескерткіштерінің суреттерін жіберді. Енді сол шебер кісінің ескерткіштерін тамашалай ық.



## Металл

Мүсіндерді металдар мен олардың қорытпаларынан жасайды. Олар: қола, шойын, алюминий, мыс пен қорғасын. Ең жақсы мүсіндік материал қола.Сондай ақ , мүсінді сүйек пен мүйізден , керамикадан да жасайды.Мүсіндік өнерде пілдің,морждың, жабайы қабанның азу тістері таптырмас материал.Сиырдың жілігін де кеңінен қолданады.







**Керамика** - деп сазбалшықтан жасалып, содан соң күйдірілген бұйымды айтады.



## Шағын пластика

Әуесқой мүсінші әр түрлі жанрда жұмыс жасап, түрлі материалдарды пайдаланып, сан алуан тақырыптар мен сюжеттерге арнап мүсін жасайды.Шағын мүсінмен айналысу – үй немесе жұмыс орында, қолда бар материалдарға байланысты.





## Тас мүсіндер

Таспен жұмыс істеу техникасы

біршама қиын. Тастан мүсін жасауға ең жақсы материал ақ мәрмәр тас болып табылады./ грекше жарқыраған.







# Виды транспорта

Технологическая карта организованной учебной деятельности.
**Образовательная область:** Познание, творчество.

**Раздел:** Естествознание.

**Цель:** Расширять представления о транспорте, закрепить умение и называть виды транспорта, понятие о грузовом, легковом, общественном и специализированном транспорте, различать виды транспорта по назначению. Уметь по слуху определять звуки транспорта. Воспитывать бережное отношение к общественному транспорту. Оборудование и материалы: рисунки с изображениями видов транспорта, игрушки, разрезные картинки транспортов, клей, бумага.

**Предварительная работа:** Беседа, рассматривание иллюстраций.

**Словарная работа:** Общественный транспорт.

| Этапы деятельности | Действия воспитателя | Действия детей |
|---|---|---|
